

Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы

Білім беру ұйымы МКҚК №15 «Әлия» бөбекжайы

Топ «Қуыршақ» ересек тобы

Балалардың жасы 4-5 жас

Жоспардың құрылу кезеңі 21-25 қараша 2022 жыл

Күн тәртібінің үлгісі	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма
Балаларды қабылдау	Балаларды қабылдау: балаларды көтеріңкі көңіл- күймен қарсы алу. Дидактикалық ойын: «Көңілді таяқшалар» Мақсаты: Балалардың сөздік қорын дамыта отырып, таным белсенділіктерін және саусақ бұлшық етін дамыту. Сөйлеуді дамыту	Әнұран айту. Еліміздің рәміздері жайлы әңгіме жүргізу. Көк байрақтың кескінін жапсыру. Дидактикалық ойын: «Суретті толықтыр» Мақсаты: Балаларға берілген суреттерді толықтырып орналастыра білуге үйрету. Жапсыру	Балаларды жақсы көңіл -күймен қарсы алу. Танымдық ойын: «Мынау қай пішін?» Мақсаты: Геометриялық пішінді сипалап анықтау арқылы айта білу. Математика негіздері	Әнұран айту. Балалармен әңгімелесу Күз мезгілінде қандай құбылыстар болатынын балалардан сұрау. «Қай аспан жоқ?» Мақсаты: Балалардың зейінін дамыту. Есте сақтау қабілетін дамыту. Музыка	Баланың бүгінгі көңіл күйі, оны не қызықтыратыны туралы сұрау, баланы жеке пікірін білдіруге тарту. Үстел үсті ойыны «Бөліктерін тап» Мақсаты: Балаларға берілген суреттердің бөлігін тауып орналастыра білуге үйрету. Құрастыру
Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру	Ата-аналармен әңгіме: Балалардың көңіл күйі, денсаулығы жайында ата – анамен әңгімелесу. Ата –аналармен	Ата-аналармен әңгіме: Ата- аналарға балаларын танертенгілік жаттығуға үлгертіп алып келулерін ескертү.	Ата-аналармен әңгіме: Балалардың тазалығы жөнінде кеңес беру.	Ата-аналармен әңгіме: Ата –аналарға баланың денсаулығын сақтау жөнінде кеңес беру.	Ата-аналармен әңгіме: Ата –аналармен қарым –қатынас мәдениетін орнату. Күн тәртібін сақтауға дағдылану.

	қарым – қатынас мәдениетін орнату. Күн тәртібін сақтауға дағдылану.				
Балалардың дербес іс-әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа іс-әрекеттер)	«Дөңгелек» Мақсаты: Шығармашылыққа деген қызығушылықтарын дамыту; тұзды қамыр және оның қасиеттері туралы білімдерін қалыптастыру; Мүсіндеу	«Біреу-көп» Мақсаты: Балаларға «біреу, көп» мағынасын түсіндіру. Тапсырмаларды орындау, ойлау қабілеттерін дамыту. Математика негіздері	Үстел-үсті ойыны: «Түсін тап» Мақсаты: түстерді сәйкестіндіру Есімін атағанда жауап беруге, өзін айнадан және фотосуреттерден тануға дағдыландыру; Қоршаған ортамен таныстыру	«Көшедегі үйлер» Мақсаты: Балаларға жалпы үйлер туралы түсінік беру. Көшедегі үйлерді әр түрлі фигуралардан қиып жапсыруға дағдыландыру. Қоршаған ортамен таныстыру	«Менің досым» Мақсаты: Дос туралы түсінік беру. Досы туралы әңгімелесуге үйрету. Сөйлеуді дамыту
Таңертеңгі жаттығу	Таңертеңгі жаттығу кешені (қимыл белсенділігі, ойын әрекеті). Сапқа тұру, жүру, жүгіру, жалпы дамытушы және тыныс алу жаттығулары.				
	№ 8	№ 9	№ 10	№ 11	№ 12
Таңғы ас	Таңғы ас алдында гигиеналық шараларды орындау (мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті (ас ішу құралдарын, майлықтарды үстелге қою) Гигиеналық шаралар (қолды дұрыс жуу, өз орамалының орнын білу, қолды дұрыс сұрту және орамалды орнына ілу, көркем сөз қолдану мысалы, Сырттан келіп үнемі, Сабынмен қол жуамыз, Таза болды мұнтаздай, Тағамға қол созамыз) Тамақтану (өз орнын білу, дұрыс отыру, ас ішу құралдарын дұрыс ұстау, тамақтану мәдениетін қалыптастыру, тамақ ішкенде сөйлемей, тамақтанып болғаннан кейін алғыс айту)				

Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	Балалар әсерлерімен бөлісу, жаңалықтарды білу, бірлескен жоспарларды, мәселелерді талқылау, қызығушылықтары бойынша әрекет түрін таңдау, ережелер туралы келісу және т. б. үшін жиналады. Балалар педагогке ортаны ұйымдастыруға көмектеседі (бірлескен әрекет, кезекшілік).				
Мектепке дейінгі ұйымның кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет	Музыка	Дене шынықтыру	Музыка	Дене шынықтыру	Дене шынықтыру
2-ші таңғы ас	2-ші таңғы ас алдында гигиеналық шараларды орындау (мәдени-гигиеналық, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, еңбек әрекеті, (кезекшілік) Тамақтану (балалардың үстел басында дұрыс отыруын қадағалау, алаңдамау (сөйлеуді дамыту, коммуникативтік әрекет).				
Серуенге дайындық	Серуенге ойын құралдарын дайындау.	Балалардың серуенге деген қызығушылықтарын туғызу, балалармен жеке әңгімелесу.	Табиғатқа деген қызығушылықтарын арттыру.	Балалардың дербес қимыл белсенділігі үшін жағдай жасау.	Балаларды ретімен киіндіру (ауа-райы жағдайына байланысты). Ауа – рай құбылыстары жайлы әңгіме жүргізу.
Серуен	№ 8	№ 9	№ 10	№ 11	№ 12
Серуеннен оралу	Балаларға киімге ұқыпты қарау керектігі жайлы әңгіме жүргізу. «Ұқыпты бала» әңгімесі Сөйлеуді дамыту	Балалардың саппен топқа оралуы, сапта екі-екіден жүруге дағдыландыру.	Серуеннен келгеннен кейін киімдерін ұқыпты ілуді қадағалау. Қолдарын жууға үйрету.	Серуеннен ішке қатармен, саппен жүруді үйрету. Балаларға қимылды ойын түрінде үйрету.	Балалардың ұйымшылдықпен топқа оралуы киімдерін шешіп шкафтарына орналастыру.
Түскі ас	Астарың дәмді болсын! Ас уақытында балаларға тамақты	Ойын- жаттығу: Астың алды үнемі, Сабынмен қол жуамыз, Таза болды мұнтаздай,	Бата беру Астарына адалдық берсін! Бастарыңа амандық	Кезекшілердің еңбек әрекеті (ас ішу құралдарын, майлықтарды	Гигиеналық шаралар (қолды дұрыс жуу, өз орамалының орнын білу, қолды

	таусып жеуге, нанның қықымын жерге тастамауға үйрету.	Тағамға қол созамыз.	берсін!	үстелге қою) «Ас – адамның арқауы» Мақсаты: Балаларға тамақтану әдебі жайында түсіндіру жұмыстарын жүргізу. Көркем әдебиет	дұрыс сұрту және орамалды орнына ілу, Ас қайыру Дастарқаныңа береке берсін! Бастарына мереке берсін! Әумин
Күндізгі ұйқы	Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайлы жағдай жасау «Ана мен бала» музыкасын тыңдату Музыка	Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайлы жағдай жасау «Үйшік» ертегі Көркем әдебиет	Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайлы жағдай жасау «Құлыншағым» музыка Музыка	Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайлы жағдай жасау «Түлкі мен тырна» ертегі Көркем әдебиет Сөйлеуді дамыту	«Сандар» әнін тыңдату. Математика негіздері
Біртіндеп ұйқыдан ояту, сауықтыру шаралары	№ 8	№ 9	№ 10	№ 11	№ 12
Бесін ас	Бір- біріне кедергі жасамай мәдениетті отыруға баулу, балалардың назарын тағамға аудару.	Балалардың назарын тағамға аудару.	Тамақтарын реттілігімен тауысып ішуге қалыптастыру.	«Бата айтып», «Ас қайтаруды» үйрету. (Көркем әдебиет)	Ас мәзірімен таныстыру, балалардың назарын тағамға аудару.
Балалардың дербес іс-әрекеті	«Нан қайдан келеді?» Мақсаты: Нанның адам еңбегімен келетінін, оған көп күш жұмсалатынын	«Тостаған» Мақсаты: Балалардың шығармашылық қабілетін дамыту, заттың пішіндері туралы білімдерін жетілдіру, қылқаламды	«Өз үйін тап» ойынын Мақсаты: үлкен – кіші ұғымдары туралы түсінік беру. Математика	«Күзгі жапырақтар» Мақсаты: Балаларға күзгі жапырақтардың түсімен таныстыру. Күзде	«Менің Отаным- Қазақстан» Мақсаты: Балаларға Туған жер, Отан туралы түсіндіру. Адамгершілікке,

	түсіндіру. Қоршаған ортамен таныстыру	пайдалана отырып затты безендіруді үйрету. Сурет салу	негіздері	жапырақтардың неліктен сарғаятындығын айтып түсіндіру. Жапсыру	елін сүйуге тәрбиелеу. Қоршаған ортамен таныстыру
Балалармен жеке жұмыс	Саусақ жаттығуы: «Қоңырау» Сыңғырлайды қоңырау, Сыңғыр-сыңғыр етеді. Мақсаты: Ұсақ қол моторикасын дамыту. Аделя, Досжан	Көркем әдебиет «Менің ойыншықтарым» М.Әлімбаев Өлең жолдарын түсіне отырып, жаттау қабілеттерін жетілдіру. Ойыншықтарды атай отырып сипаттауға, сурет бойынша 2-3 сөзден тұратын қысқа әңгіме құрастыра білуге үйрету. Арман, Жандос	Саусақ жаттығуы: «Қоянның құлағы» Ұзын құлақ сұр қоян, Естіп қалып сыбырды Ойлы-қырлы жерлермен Ытқып-ытқып жүгірді. Мақсаты: Ұсақ қол моторикасын дамыту. Жансая, Аяла	Сөйлеуді дамыту «Екі дос» (өлең) Қадыр Мырза Әли Мақсаты: Құрдастарымен қарым-қатынас жасау ережелерін сақтауға үйрету, ойында және қарым-қатынаста сыпайылық көрсете алуға көмектесу, өзара сыйластыққа тәрбиелеу. Бекзат, Нұркен	Саусақ ойыны: Саусағымда сақина Санап көрші кәнеки 1,2,3 Бір, екі үш Демалайық жинап күш. Айлин, Нұржігіт
Серуенге дайындық	Серуенге қызығушылықты арттыру. Балалардың реттілікпен киінуі, серуенге шығу, топтық ережелерді қайталау. Балаларды	Құмнан түрлі құрылыстарды құрастыру үшін формаларды дайындау.	Серуенге шығамыз деген нұсқаумен барлық балалар орындарына тұру. Еңбек құралдары ойыншықтарын далаға алып шығуға дайындап қою.	Балаларды реттілікпен киінуге дағдыландыру.	Өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту тақырыбына жеке әңгімелер өткізу.

	реттілікпен киінуге дағдыландыру.				
Серуен	№ 8	№ 9	№ 10	№ 11	№ 12
Серуеннен оралу	Балалардың киімін ретімен шешу, дербес және ойын әрекеті				
Балалардың дербес іс-әрекеті	Түрлі балалар әрекетінде (ойын, қимылдық, танымдық, шығармашылық, зерттеу эксперимент, еңбек, балалардың дербес әрекеті, өзіне-өзі қызмет ету) іске асырылады				
Балалардың үйіне қайтуы	Балалардың жетістіктері туралы әңгімелесу, ата-аналардың балаларды тәрбиелеу мен дамыту бойынша сұрақтарына жауап беру, кеңес беру.				

«Тексерілді»

«№15 «Әлия» бөбекжайы»

МКҚК-ны әдіскері:

У.Г. Нурмаханбетова

«18» «11» 2022 жыл

